КСРО-ның орталық ғылыми мекемелері аясында, зерттеудің кеңестік бағытымен айналысатын Қазақстандық филиалдары ашылып, жергілікті мамандар даярлау қолға алынды. Негізінен Қазақ КСР ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми мекемелерінің көпшілігі сталиндік бесжылдықта құрылған-ды. Осы жылдары КСРО-ғы индустриаландыру және оның қорғанысын нығайтуда Қазақстанның бай пайдалы, кенді мекендерін игеру үшін, кең көлемде зерттеу жүргізу қажеттілігі артқан болатын. Бұл мақсатта республикалық ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік (Қазақ геологиялық басқармасы, Қазақ сирек металдарды іздестіру, КСРО ҒА Қазақ филиалының Геологиялық секторы, Гурьев ғылыми-зерттеу мұнай станциясы, ғылыми мекемелер мен өндірістерде ғылыми зертханалар) ұйымдар жұмыс атқарды. 1931 жылдан бастап Экономика ғылыми-зерттеу институты мал шаруашылығы саласын зерттеумен айналысады. 1935 жылы ашылған академик Вильямс атындағы Қазақ жер шаруашылығы институты да (КИЗ) ауыл шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданды. Қазақ КСР-да қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми-зерттеулердің орны ерекше. Қазақстанда академиялық ғылыми мекемелердің қалыптасуы 1932 жылдан, яғни осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасының құрылуымен бастау алады және БК(б)П ОК жанындағы. Маркс-Энгельс-Ленин институтының Қазақстандық филиалы (маркстік-лениндік идеяны насихаттаумен, олардың шығармаларын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен айналысады) ашылады. Қазақстанның академиялық ғылымының дамуына маңызды үлес қосқандардың бірі С.Д. Асфендияров болатын. Ол КСРО ҒА филиалында академиктер А.Н. Самоилович пен Б.А. Келлермен президиум құрамына енді және оның төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Бұл уақытта Санжар Асфендияров Одақ ауқымындағы білім беру мен ғылыми зерттеу жұмыстарына қызу араласып, тәжірибе жинаған болатын. 1925 жылы БОАК (ВЦИК) Президиумы мүшесі және оның хатшысының орынбасары жұмысын атқарды. Ол КСРО ОАК жанындағы Шығыстану институтымен тығыз байланыс жасап, Мәскеу университетінде оқытушы қызметін бірге алып жүреді. Шетелдік Шығыс елдерінің өкілдерімен жиі кездесетін. Орыс, ағылшын, неміс, француз және шығыс тілдерін толыққанды меңгерген бірегей тұлға болып қалыптасты.

1926-1928жж. ММУ профессоры және Мәскеу Шығыстану университетінің ректоры лауазымында жұмыс атқарады. Егер тарихшы Анна Панкратова профессор ғылыми деңгейін 1928 жылы алғанын ескеретін болсақ, Санжар Асфендияровтың бұл мезгілде ғылыми ортада шығыстанушы ретіне танымалдығы тағы да дәйектеледі. Тіпті ол 1927 жылы Н.Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтының директорлығы қызметіне тағайындалады. 1928-1931 жылдары Қазақ мемлекеттік университеттің тұңғыш ректоры. Профессор Санжар Асфендияров, КСРО ҒА Қазақ филиалындағы ғылыми кеңес беру және үгіт жасау комиссиясының, тарихи-археологиялық комиссиясын, қазақ сөздігі комиссиясын басқарды, сонымен қатар Қазақ ұлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының Тарих секторының меңгерушісі қызметін атқарды. 1933 жылы оның құрамында тарих, археология, әдебиет және фольклор, тіл, бейнелеу және музыкалық-хореографиялық өнер салаларын зерттеумен айналысатын Қазақ ұлттық мәдениеті институты ашылған болатын. Осы институттың құрамында тарихи-археологиялық сектор жұмыс атқарады. Мәскеу және Ленинградтық ғалымдардың қатысуымен қазақ халқының мәдениеті тарихына қатысты материалдар жинақтауға археологиялық экспедиция жүргізіледі. Мұндай қазақ халқының рухани байлығын жинақтаушы экспедицияға белсенді қатысқан А. Диваев, А.В. Затаевич, А.Х. Марғұлан болатын [-2,50 б.]. Төңкеріске дейін Қазақстандағы археологиялық жұмыстар бойынша, материалдар жинау мен жинақтау, ескерткіштерді тіркеу және оларға сипаттама беру қолға алынған болатын. Бірақ бұл жүйелі түрде жүргізілмегендіктен Қазақстанның археологиялық картасындағы «ақтандақ» беттер айқындалды. Тарихи кезеңдермен байланыстырылып, ғылыми жоспарлы түрде ұйымдастылды және зерттеу хронологиясы ерте тас ғасырынан басталды. Қазақстанның ежелгі ескерткіштерін зерттеу саласында кеңестік археологтар ішінде алғашқылар болып археологтар М.П. Грязнов пен Б.Н. Граков

1926-1928 жылдары Қазақстанның батыс өңіріндегі қола ғасырының қорғандар тобына қазба жұмысын жүргізген болатын. Сонан соң, 1929 жылы Б.Н. Ждановтың басшылығындағы геологтар Солтүстік Қазақстан аумағында қола дәуіріне жататын мәдениеттер ошағын ашса, 1930 жылдары КСРО ҒА ИИМК және КСРО ҒА Қазақ филиалының ғылыми экспедициясы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда А.Н. Бернштамның басшылығымен [4] зерттеу нысандары қолға алынды. 1920-1930 жылдар аралығы республикадағы тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңі болатын. Бұл мезгілде дәстүрлі ұғымдық қағидаттар мен маркстік тұрғыда түсіндіру тарапынан қайшылықты күрестер орын алды. 1921-1941 жылдар аралығында шыққан, тұңғыш кеңес өкіметінің «Пролетарская революция» тарихи жураналын, Октябрь революциясы және Коммунистік партия тарихы жөніндегі Комиссиясы (Истпарт) шығарды. Осымен бір мезгілде шыққан бұрынғы саяси айдауда және жер аударылған тұрғындар қоғамының «Каторга и ссылка» журналы жарық көрді. Журнал XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Ресей тарихының қатысты деректер, құжаттар мен естеліктер жариялануымен құнды болғанмен, 1935 жылы жабылады. 1922-1941 жылдар аралығында мұрағаттық құжаттар жарияланатын «Красный архив» журналы шықты. Сол сияқты «Архивное дело» (1923-1941жж.), «Печать и революция» (1921-1930), «Новый Восток» (1922-1930жж.) журналдары шығарылды. Ғылыми әдебиеттерде Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеуде маркстік-лениндік методологияның түпкілікті бекітілгені айшықталып отырды. Дәл осы тұста, С.М. Киров атындағы Мемлекеттік университеті, Абай атындағы Педагогикалық институты, Заң институты, Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана, республикалық және облыстық мұрағаттар ашылып, онда мамандар қызмет атақара бастайды. 1925 жылы партияның қоластына, оның ішінде «буржуазиялық» тарихшыларды да біртұтас біріктіруге бағытталған, «Тарихшы-марксистердің қоғамы» құрылады.

Бұл қоғамның отандық және дүниежүзі тарихы бойынша материалдарды басып шығаратын орган ретінде, 1926 жылы «Историк-марксист» журналы шыға бастайды. 1937 жылы тарихшы-марксистер қоғамы жойылған кезде, журнал КСРО ҒА Тарих институтының басылымына айналды. Ол 1941 жылы 6-шы нөмірі шығады, одан әрі соғыстың басталуына орай, «Исторический журналмен» біріктіріледі. 1931 жылы И.В. Сталиннің «Пролетарская революция» журналына жолдаған хатына сәйкес, «Историк-марксист» - ғылыми ортаға бағытталған, тарихтың жалпы мәселелерін қамтитын, «Пролетарская революция» - тап күресі мен партия тарихы бойынша әдістемелік журнал, «Борьба классов» - барлық мәселелер бойынша бұқаралық басылымға айналды. 1937 жылдың қаңтар айында «Борьба классов» журналының орнына, «Исторический журналдың» тұңғыш нөмірі жарық көрді. Яғни көпшілікке арналған азаматтық тарих мәселелері бойынша ай сайын шығарылды және тұрақты «Мектепті тарихты оқыту» атты бөлімі ашылды. «Исторический журнал» КСРО ҒА Тарих институтына берілгеннен кейін, ғылыми-көпшілік емес, ғылыми-академиялық басылымға айналды [5]. Осылайша, таптық идеология бекіді. Тарихи оқиғаларды таптық тұрғыда түсіндіру өріс ала бастады. Ал бұл уақытта Қазақстанда біртұтас ғылыми тарихи зерттеулер жүргізілмеген болатын. 1940-1950 жылдары қазақ тарихына қатысты тарихи оқиғалардың жеке көріністері ішінара сипатталды. «Жеке басқа табыну» кезеңінде өлкенің төңкеріске дейінгі тарихына қатысты мәселелерге қалам тартылды [6]. Ел мүддесін ойлаған партия және мемлекеттік қызметкерлер, зиялы қауым өкілдері (С. Асфендияров, И. Кабулов, Г. Тоғжанов, С. Сейфуллин, О. Жандосов, А. Самойлович) өздерінің хал-қадірінше қазақ тарихына ат салысуды парыз санады. Кейін олардың еңбектері тарихнамадан орын алды. Мұндай қадамға 1920 жылдары Қазақ республикасының құрылуы, этносаяси шекараның айшықталуы, қазақ халқының орналасу аймағының айқындалуы түрткі болды және жол ашты. Тарихи тақырыптарға арналған баспасөз беттерінде мақалалар жарияланып тұрды. Қазақ тарихына қатысты олардың баяндамалары көпшілік қауымның қызығушылығын тудырды. Қазақтың тапсыз қоғамы мен Қазақстандағы кеңес үкіметінің заңсыздығы жөніндегі «теориясын» насихаттаушы мектеп те кең өріс алған болатын. Яғни, 1920-1930 жылдың аралығы қазақ тарихын таптық тұрғыда түсіндіру мектебі де басымдық ала бастаған мезгіл. 1930 жылдың ортасынан бастап, қазақ халқының тарихына қатысты Михаил Порфирьевич Вяткин ізденістер жүргізді. Ол - Қазақстанның төңкеріске дейінгі деректану саласына өз үлесін қосқан бірегей тұлға. Оның тырнақалды еңбектерінің бірі, 1936 жылы «Путевые записки лекаря Зиберштейна», «Сказки XVIII в. Как источник для истории Казахстана». Оның жетекшілігімен және белсенді кірісуімен жазылған, екі томдық «Қазақ КСР тарихы бойынша материалдар жинағында» қызықты да ауқымды мұрағаттық деректер ғылыми айналымға қосылды. Ресей империясы құрамына өзге халықтардың қосылуы, патша өкіметінің отарлық саясаты мәнінде қарастырылды, сондықтан да бұл саясаттың тіршіліктегі және әскери нысандары да өзге халықтарға жасалынған «шегіне жеткен қаскөйлік» ретінде бағаланды. 1933 жылдың желтоқсан айында Қазақстандағы Марксизм-ленинизм

ғылыми зерттеу институтында алаш қозғалысына қатысты өткізілген ғылыми талқылау қорытындысы бойынша, Алшорданың ұлттық азаттық органы ретінде және 1917 жылғы қазан төңкерісіндегі ұлттық буржуазияның алған орны мен рөлі теріске шығарылды. Ресейге қосылу үрдісінің негізгі қозғаушы күші – экономикалық фактор болып есептелінді, сауда капиталы, өтімді нарық пен шикізаттың жаңа көздерін іздестіру. М.Н. Покровский Ресейдің Орта Азияға жылжуын, күштеп жаулап алу ретінде қарастырды. Осылайша, «Түркістан нысаналы түрде орыс отарына айналды» деген қорытынды жасайды. Өзге тарихшылар тарапынан М.Н. Покровскийдің «шегіне жеткен қиянат» тұжырымы сынға ілігеді.

Идеологиялық күрес қатар жүрді. Бұл тарихи кезең Сәтпаевтар отбасына ғана емес, қазақ тарихының болашағына қауіптің төнгені ғалым үшін де қасіретке айналды. Оның туған жерінің тарихы мен мәдениетіне ыждағатты көңіл бөлуіне тура келді. Ұлытау, Алтыншоқыдағы Ұлық ұлыс дәуірінің ортағасырлық тасқа жазылған жазбалар ескерткішіне, Орталық Қазақстанның жер асты геологиялық материалдарының маңызы, әлемдік деңгейде бірінші болып жасаған Орталық Қазақстанның жүйелі де болжамды металлогендік макеті мен картасын құрастырудағы жанкештілігі, Қазақстан ғылымы үшін күресі, Жезқазған ауданы тарихи ескерткіштеріне қатысты өлкетану бағытындағы ғылыми мақалалары бүгінгі күні де құнды және қолданыста. Ұлытау, Тамды, Едіге, Бұланты, Бала-Жезді, Сорқұдық, Тасқұдық, Милықұдық, Жетіқоңыр, Таңбалы Нұра, Кеңгір, Сарыөзен және басқа да елді мекендері мен өзен-көлдер атаулары, Алаша хан туралы, «Жезқазға ауданының тарихқа дейінгі ескерткіштері» бойынша шежіре, таңбалы тастар құпияларына қатысты, ежелгі және ортағасырлық және кейінгі кезең деректерімен қоса (биологиялық және әлеуметтік тұстарын) сипаттамалары, академиктің өзіндік ғылыми тұжырымдары бүгінгі ұрпаққа бағдаршам ретінде жетті [7]. Әрі соғыстан кейінгі саяси тиымдарға қарамастан ұлт мүддесіне ашық қызмет етуі, ғалымдарға қамқорлық көрсетуде, ғылыми әлеуетті ортаны қалыптастыруда батылдық әрекеттері Қаныш Сәтпаевтың тұлғалық феномені деңгейінің жан-жақтылығын айқындайды. 1960 жылдардың ортасында ғана қуғын-сүргінге ұшырағандар шығармалары ақталып, олардың тарихи әдебиеттері мен тарихнамалық көзқарастарын жүйеге келтіру талпынысы жасалды. 1935 жылы шыққан тарихи деректер кең көлемде пайдалана талданған тұңғыш толыққанды ғылыми еңбек «Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен 1917 жылға дейін)» очеркінен бұрын, С.Д. Асфендияров пен неміс профессоры, коммунист-иммигрант П.А. Кунте редакциясымен бірлескен Қазақстанның өткен тарихына қатысты деректер мен материалдар жинағы басылымнан шығады. Оның 2-ші томы 1936 жылы шығады. Бірақ бұл жинақ ғылыми айналымнан шығарылып, тіпті 1938 жылы тиым салынады және құпия кітаптар қоймасынан орын алады. 1936 жылдан бастап Тарихи-археологиялық сектор Тарих секторы болып өзгертіледі. Бұл Сталиндік «партия ұсынады, халық сайлайды!» ұранымен басталып кеткен, партия мүшелері құрамын «халық жауларынан» тазарту кезеңі болатын. 1936 жылы Сталин, Киров және Жданов «КСРО тарихы бойынша оқулық конспектісі» ескертпесінде орыс патшалығы «халықтар түрмесі» және «халықаралық жандарм» ретінде сипатталған болатын. Қазақ тарихында шағын болғанмен де тарихтан орын алған, 1936 жылы Қазақ Өлкегіс баспасы шығарған С. Асфендияровтың «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі» еңбегі. Он бөлімнен тұратын бұл еңбектің идеялық маңызы өзекті. Сонымен қатар «Қазақстан – патшалы Ресейдің отары», «1916 жылға дейінгі қазақ бұқарасының азаттық үшін күресі», «Миссионерлік-ағартушылық саясат», «Көтеріліс пен қазақтарды жаппай мобилизациялау кезіндегі байлар мен ұлттық интеллигенцияның рөлі», «Тыл» жұмысындағы кедейшілік және басқа тараулар тақырыптарының өзі, ол кезең үшін батыл іс-қимыл болса, қазіргі кезеңде зерттеу тақырыбы нысандарын белгілеп беріп отыр. Патшалы Ресейді әлемдегі ең ірі отарлаушы империя ретінде ашық мәлімдей отырып, деректермен негіздеуі, іргелі ғылыми зерттеудегі алға ұмтылыс болатын. Мұнан кейін, 1937 жылы сталиндік жаңа «төменгі ауқымды қаскөйлік» тұжырымдамасын жасау басталды [8]. Қазақстандағы антропология, археология, этнография, демография, тарих, социология, саясаттану және басқа ғылыми білімдер толыққанды тәуелсіздік алған 1991 жылға дейін, «Орталық» жоспары мен нұсқауы төңірегінде ғана жұмыс атқарды. Дегенмен, 1940 жылы КСРО ҒА Қазақ филиалы Хабаршысында жарық көрген М. Вяткиннің «XVIII ғасырдың ортасындағы Қазақ қоғамы» атты еңбегі өзекті және заманауи кезеңде де тарихшылардың сараптамалық айналымнан шыққан жоқ. 1941 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрамында Тіл, әдебиет және тарих институты құрылып, оның өмірге келуіне Н.Т. Сауранбаев (институттың бірінші директоры), Әлкей Марғұлан, С. Аманжолов сияқты ғалымдар ат салысты. 1937 жылы С. Асфендияровқа «халық жауы» ретінде негізсіз айып тағылған болатын. Бұған дейін қазақ интеллигенциясының бірінші толқыны Алаш партиясының өкілдері (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және басқалар) қуғынға ұшыраған-ды. «Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен 1917 жылға дейін)» очеркінің екінші бөлімін аяқтауға мұрша берілмейді және оның

қолжазба нұсқасы із-түссіз жоғалады. XX ғасыр басында М. Тынышбаев, Т. Рысқұлов, С. Аспандияров, Г. Сафаров, С. Сәдуақасов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов және басқа да зиялылардың қазақ тарихы мен мәдениеті, тарихи танымы мен тағылымы аясындағы ой-тұжырымдары мен ізденістері академиялық отан тарихының қағидалық негізіне әсер етуші фактор болып қалыптасты. Қазақстанда 1941 жылға дейін П.Г. Галузоның («Туркестан – колония»), С.Д. Асфендияровтың («История Казахстана с древнейших времен»), М.П. Вяткиннің («Очерки по истории Казахстана с древнейших времен до 1870г.») ғылыми еңбектері жарық көрген болатын.

1941 жылы КСРО Ғылым академиясының Алматыдағы Қазақ филиалы құрамында Тіл, әдебиет және тарих институты құрылды. Оның өмірге келуіне Н.Т. Сауранбаев (институттың бірінші директоры), Ә.Х. Марғұлан, С. Аманжолов сияқты ғалымдар ат салысты. Алайда дәл осы 1941 жылы КСРО ҒА Қазақ филиалы Президиумы төрағасының орынбасарлығына Қаныш Имантайұлының сайлануымен отандық рудалар мен кен-орындарын жетілдіру технологиясына қатысты ғана емес, ұлт тарихын зерттеудің академиялық ғылыми ортасының әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстардың жедел де қарқынды өріс алғанын ескере бермейміз. Соғыс жағдайында КСРО Ғылым академиясы құрамындағы ғылыми-зерттеу институттарының мамандарын Қазан, Свердловск, Ташкент, Алматы қалаларына эвакуация жасау туралы шешім қабылданады. Қазан айының ортасында майдан шегінің Мәскеуге жақындауына орай, КСРО Тарих институты Алматыға эвакуацияланды. Бұл уақытта Анна Панкратоваға директор міндетін атқарушы лауазымы жүктелді. 1941 жылдың 20-шы қарашасында КСРО Тарих институтының жұмысы қайта қалпына келеді, Мәскеу ғалымдары Қазақстандағы ғалымдармен жақынырақ танысып, белсенділік көрсете бастады. Әсіресе, Қазақ университеті жанынан тарих факультетінің ашылуына қатысты.

1941 жылдың қараша айында С.В. Бахрушинге жазған Аннаның хатында, Халық ағарту комиссариаты мен партияның Орталық Комитеті академиялық қызметкерлерден лекторлар құрамын құратынын және тұрғындар үшін, партия және кеңес белсенділеріне циклдық лекциялар жүргізетінін жазған. Осы уақытта Қаныш Имантайұлы әлеуетті ғалымдарды тиімді пайдалану және халықаралық қатынастарға қатысты нақты ұсыныстарын құзырлы органдарға ұсынады.

1941 жылы 10 қарашада КСРО ҒА Қазақ филиалының Президиумы төрағасының орынбасары Қаныш Имантайұлы Сәтпаев Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары А. Қойшығұловқа арнайы хат жазады: «Алматы қаласына КСРО Ғылым академиясының Тарих институтының, сол сияқты Экономика институтының алғашқы өкілдері келіп үлгірді. Тарих институтының штаттық кестесі бойынша 80 адамды құраса, Экономика институтында 20 адамға жуық жоғары білікті ғылыми қызметкерлер. Алматыға келгендер ішінде Тарих институтының жетекшісі, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.М. Панкратова Мәскеуден өзінің қызметкерлерінен институтты Ташкентке көшіретіні жөнінде телеграфтық хабарлама-хат алды. Ғылым академиясының Қазақ филиалы Қазақстандағы білікті тарихшы мамандардың салыстырмалы түрде аздығына орай, оларды Алматы қаласында қалдыруыңызды өтінеді. Ең болмаса осы институттың ғылыми қызметкерлерінің жетекші тобының 6-7 адамы, академик Греков, ҒА корр.-мүшесі А.М. Панкратова Ғылым академиясының филиалы ретінде бізге көмек қолын созар еді. Сол сияқты Алматы қаласы мен республиканың ЖОО-ның жас ғалымдарына білікті тарихшы-марксистер мамандарын даярлау ісіне де қажет. Тарих институты қызметкерлерінің қалған бөлігін Ташкент қаласына немесе Қазақстанның облыс орталықтарының біріне бөлуге болады. Экономика институтының Алматыдағы ірі экономистерінен тұратын мамандары, ғылым докторлары Мемжоспар мен наркоматтарға және Ғылым академиясының филиалы жұмыстарына, Алматы қаласына олар өте қажет және олардың қалғаны тиімді болып табылар еді. Ғылым академиясының Филиалы Сізден, Экономика институтының жетекші ғылыми қызметкерлерінің 5-6-ын, оның ішінде профессорлар Арутюнян, Михалевский, Грановский, Черномордик және Блюмды Алматыға қалдыруды сұрайды. Институттың қалған ғылыми қызметкерлерін Қазақстан республикасының облыс орталығының біріне орналастыруға болады. Алматы қаласына қалдыруды өтініп отырған Тарих және Экономика институттарынан құралған саны 10-12 жетекші ғылыми қызметкерлерді, Қазақ филиалы өзінің ғимаратынан барынша қажетті жұмыс орнын тауып бере алады» [9]. Бұны Сәтбаевтың арнайы ұсынысы ретінде қарастырсақ, қазақтың тарих ғылымының дамуына осы хаттың тарихи маңызы ұлан-ғайыр. Оған қоса, 1941 жылдың қараша айында ғалымдар тобына академик Н.М. Дружининмен келген ғалымдар қосылады. Он жоғарғы білікті маманмен толықты. Бұрынғы келгендердің орналасуына байланысты, кейінгі топты негізінен Жамбыл, Шымкент сияқты басқа кіші қалаларға орналастырмақшы болатын. Бірақ КСРО ҒА корреспондент-мүшесі Анна Михайлқызы, «Қазақ КСР тарихын» даярлау туралы шешім жөнінде хабары болған-ды. Ол тәжірибелі ғалымдардан комиссия құруды ұсынады.

Жоғары білікті мамандарды ұйыстыруда Ғылым академиясының Қазақ филиалының мүдделілік танытқанын ескерсек, қазақ тарихының жазылуына және оның ғылыми тұжырымдалуы, күн тәртібінде нақты тұрғаны айқындалады. Алғашында, «Қазақ тарихшы-мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал» жасау аясында, профессорлар Дружинин, Зутис, Панкратованы қолдады және оған қатысты мәселелерде біршама пікірталастар да өтті.

Кейін тарихшы Н.М. Дружинин қазақ халқы туралы былайша пікір жазады: «...Абай поэзиясы, тұңғыш қазақ операсының қойылымы, қазақ ақындарының әндері, әсіресе ғалымдармен және Алматы қаласының қарапайым тұрғындарымен араласқанда, жалпы менің байқағанымның барлығы, олардың - батыл бастамашылдығы, қажырлы жауынгерлік, тәуелсіз рухы сияқты, ұлттық ерекшеліктерін ұғынуыма көмек жасады. Қазақтардың туған отанына деген шексіз сүйіспеншілігі, олардың өткен тарихи кезеңдеріне қызығушылығы, сол сияқты оның жарқын болашағы үшін табанды күресі, мені ерекше толқытты...».

Осылайша, Қазақстан Орталық комитетінде «Қазақ тарихшы-мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал» жасау мақұлданды. Осы жұмыстарда Қаныш Имантайұлы көмек қолын созды және қамқорлық жасағаны айқын. Нәтижесінде КСРО тарихшылар қауымы ортасында сенсация тудырған Қазақ КСР тарихы жарық көреді. «Орталықтан» келгендердің бесеуі жергілікті жердің ғалымдарымен бірігіп республиканың Халық ағарту комиссариатының жоспарында белгіленген, «Қазақ КСР тарихын» даярлауға қатысқысы келетіндіктерін мәлімдейді. Анна Панкратова Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Оқу-методикалық кеңесінің тарих секциясының мүшелігіне бекітілді. Бұл кезде Воронеж педагогикалық институтының тарих факультетінің түлегі, 26 жасар Ермұхан Бекмаханов Қазақ КСР оқу-ағарту халық комиссариаты басшысының орынбасары қызметін атқаратын. Ғалымдарға қатысты шаруашылық және ғылыми жұмыстарды үйлестірушілік қызметін атқарды. Белгіленген тапсырма бойынша, академик Дружинин мен Бекмахановқа Оқу құралының саяси және мәдени мақсаттық мәнін сипаттайтын баяндау хат даярлау жүктеледі. Осындай бірлескен жұмыстың нәтижесінде, бас-аяғы үш-төрт аптада, Әдістемелік құрал жарық көреді. Егер ресейлік ғалымдардың сол мезгілде дүниежүзілік деңгейде танымалдығын ескеретін болсақ, Қаныш Имантайұлының отандық ғалымдарды қандай ғылыми мектептермен ұштастырғанын айқындау қиын емес.

Қазақстандағы ғылыми ойдың қалыптасуы мен насихатталуы бойынша мамандар арасында жергілікті ұлт өкілдерінің салмағы кемшім болғанына қарамастан, осы жылдары республикада отыздан аса ғылыми-зерттеу ұйымдары жұмыс атақарды. Бұл республикада ғылыми әлеуеттің дамуындағы алғашқы қадамдар болатын. КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтына қатысты, Қазақ КСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1944 жылғы 6 желтоқсандағы 689-шы Қаулысына сәйкес, 1945 жылдың 14 тамызы күні өткізілген КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Президиумының отырысы болып өтті. Оның шешімі бойынша Тарих, этнография және археология институты мен Тіл және әдебиет институты жеке өз алдына шаңырақ көтерді. 1960 жылдың 26 желтоқсанындағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1080-ші Қаулысына сәйкес, 1961 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақ КСР ҒА Президиумының қаулысымен - Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтына Ш.Ш. Уәлиханов есімі берілді. 1940-1950 жылдары қазақ елінің революцияға дейінгі тарихы мен қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттіліктің қалыптасуы, қоғамдық ойлар тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылуы, өлкедегі ұлт-азаттық көтерілістер сипатына қатысты маңызды мәселелерді зерделеу қолға алынған болатын.

Қазіргі заман тарихы дәуірінде білім мен ғылымды дамыту мақсатында елімізде әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын білікті ғалымдар мен инженерлерге, өнертапқыштарға сұраныс артып отыр. Қазақстан басты тірегі ғылым мен инновацияға құрылған әділ де инклюзивті әрі бәсекеге қабілетті экономика құру мұратын алға қойып отыр. Әлемдік көштің алдыңғы қатарына шығу үшін Қаныш Сәтбаев сияқты даналыққа жол ашып кеткен тұлғалардан тағылым алу, саналы қоғамның сапалы да әлеуетті тұлғаларын қалыптастырудың рөлі маңызды болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ғылым ордасында сөйлеген сөзі. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyngylym-ordasynda-galymdarmen-kezdesude-soylegen-sozi-3145656> [31.05.2024].
2. Ерімбетова Қ.М. Қазақстың тарих ғылымы. Академик Анна Панкратова (XX ғасырдың бірінші жартысы): Монография. 1-том. – Астана: «БиКА» БП кешені, 2016. 46-58 бб.
3. Санджар Джафарович Асфендиаров. Материалы к биобиблиографии. Сост.: Р.Б. Сүлейменов, Х.М. Абжанов.-Алма-Ата, «Наука» АН КазССР, 1989; Асфендиаров С. История

Казахстана (с древнейших времен).-3-е издание. Под ред. проф. А. Такенова.-Алматы, «Санат», 1998; Асфендияров Санжар. Шығармалары. Төрттомдық шығармалар жинағы (Құрастырушы және баспаға даярлаған, жауапты шығарушылар: Х.М. Әбжанов, А.Ә. Жүнісбаев).-Алматы: «Ел-шежіре», 2014ж., 224-бет.

4. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941// «Известия АН КазССР», серия археологическая, 1948, вып. 1; Древний Отрар. //«Известия АН КазССР», серия археологическая, 1948, вып. 3 және басқалар.

5. Сидоров А.Л. Исторические взгляды Н.А. Рожкова (1929); Гурьевич Ф. Средневековая немецкая империя в фашистской историографии (1936); А. Бокшанин. Первые шаги исторической науки (древнегреческие историки V в. до н.э). 1940 // Вопросы истории. № 1, 1956. - С.4-5.

6. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник I (V в. до н.э. - XVIII в. н.э.). Под редакцией профессор С.Д. Асфендиярова и профессора П.А. Кунте. Казакское краевое издательство. Алма-Ата. 1935.; Панкратова А.М. Основные вопросы истории Казахской ССР// «Большевик Казахстана», 1943. № 10. – С. 24. и др.

7. Сатпаев К.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе. Астана: «Алтын кітап». 2017. – 226 с.

8. Вестник Томского государственного университета. 2012. № 4(20).-С. 58-59

9. ҚР ОММ. 2057-қор, 1-тізім, 1567-іс, 7-п.

ӘОЖ:821,512,122

ҒАЛЫМНЫҢ АЛМАС ҚЫРЛАРЫ

Канапияева Э.А., «Қ.Мұнайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» Астана, Қазақстан

Аса көрнекті ғалым және қоғам қайраткері, КСРО Ғылым академиясының және Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Қаныш Имантаұлы Сатпаев- өз заманы тудырған ғажап құбылыстардың бірі. Ол сирек талант, дарын екендігімен қоса сол дәуір жемісі, елімізде өндірісті орнату мақсат-мұраттары дүниеге әкелген ғалым. Ол туған елінің игілігіне мол қабілетін, зерделі зейінін, сергек сапасы мен қайсар қайратын аямай ерен еңбек етті. Бойындағы қадір -қасиетін, қажырлы қайрат -жігерін ел үшін жұмсап, ұлан ғасыр ғылыми және мемлекеттік қызметінің бар жемісін халық игілігіне арнаған, шарапатын көпке тигізе білген үлкен ғалымның өмір жолы, ерлік еңбегі-ғибрат тағылымға толы.

Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезінде, 1915 жылы Қ. И. Сәтбаев поэтикалық кештердің біріне қатысады. Осы кештің бағдарламасы сақталған, онда 16 жасар семинарист Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жатқа оқиды, мандолинде бірнеше музыкалық нөмірлерді орындайды. Қаныш Сәтбаев оқыған өлеңдер қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өлмес мұрасының алғашқы сахналық орындауларының бірі болуы әбден мүмкін, ал қатысушылардың кеші мен қойылымдары туралы "Айқап" журналының (1915, № 5) беттерінде мақала басылып шықты, онда алғаш рет "Қ.И. Сәтбаев" аты-жөні мен тегі басылып шықты.

Қ. И. Сәтбаевтың Өлкенің мәдени-әдеби өміріне белсенді қатысуы 1918-1921 жылдары Семей облысындағы қазақ мұғалімдеріне арналған екі жылдық педагогикалық курстардың жаратылыстану пәнінің оқытушысы, Семей губерниясы Павлодар уезі ақкелі болысының № 4 ауыл мектебінің мұғалімі және Павлодар облысы Баянауыл ауданы 10 учаскесінің халық судьясы болып жұмыс істеген кезде жалғасты.

Ұстаздық, Қ.И. Сәтбаевтың қазақ тіліндегі Алгебра оқулығын құрастырудың басталуы, көптеген істерді әділ талдаған халық судьясының жұмысы және оның көптеген мәдени-ағартушылық және әдеби-музыкалық іс-шараларды өткізуі туралы көптеген мәліметтер сақталған. Бірақ ол осы оқиғалардың барлығына халықтың жалпы мәдени деңгейін көтерудің және халықтың тағдырын, бақытты болашаққа деген сенімін анықтауға саналы шығармашылық қатысуының тиімді құралдарының бірі ретінде үлкен мән берді.

Томск технологиялық институтының тау-кен факультетінің 1921-1926 студенттік

жылдарында Қ.И. Сәтбаев нақты ғылымдар бойынша білімін байытумен қатар, Томск университетінің бай кітапханасында отырып, қазақ халқының тарихын, әдебиеті мен өнерін терең зерттеумен айналысады, онда ол Шығыс туралы материалдарды қайта оқиды. Қаныш Имантайұлының бастамасымен Томскіде Шығыс халықтарының мәдениетін зерттеу бойынша ғылыми үйірме ұйымдастырылады, дәрістер мен баяндамалар оқылады, кештер ұйымдастырылады, газеттер мен журналдарда мақалалар жарияланады.

1923 жылы "Қазақ тілі" газетінде 13 желтоқсанда Қ.И. Сәтбаевтың "Обаған" мақаласы жарық көреді — оның алғашқы жарияланымдарының бірі. Байшуақ қолтаңбасы қойылған, ол "Бай Жарық" дегенді білдіреді-поэтикалық шеңберде терең мағынасы бар бүркеншік ат. Болашақ академиктің алғашқы баспа еңбегі көркем поэтикалық әлеммен — қазақ ән-музыка мәдениетімен байланысты екені заңды.

Обаған — өзеннің атауы және әннің атауы. Ауыл тұрғындары жайлы орналасып, әңгіме жүргізіп жатқан киіз үйдің жағдайы. Қыз "Обаған" әнін орындайды — өзен жағасында Ахық есімді сұлу және ақылды қызы бар даладағы ауқатты адамдардың бірінің ауылы бар. Еркін тәрбие мен ауылдық білім алған Ахық туыстарына келген Орынбордан келген қалалық Қазақ офицеріне ғашық болады. Бақытты күндерден кейін — бөліну, Сағыныштың ащысы — Обаған өзенінің жағасындағы жалғыз қайыңның жанында жиналған қайғылы ән-халықтың жадында қалды. Бұл әннің пайда болу тарихы, мәтінді жазу, түсініктемелер мен орындау әсерлері "Обаған"мақаласының мазмұнын құрайды.

Кейіннен бұл әнді алғаш рет фольклорист композитор А. В. Затаевич орыс тіліне аударды, сондай-ақ алғаш рет нотаға жазылып, 1931 жылы Мәскеуде Затаевич шығарған "500 қазақ әндері мен күйлері" жинағында жарық көрді.

Қ.И. Сәтбаевтың "Қазақтың жұмбақ, жаңылтпаштар" (қазақ Жұмбақтары мен прибауттары) және "бурынды қазақ ойындары" (бұрынғы қазақ ойындары) мақалалары студенттік жылдары "Сәуле" альманахында, 1924, № 1 жарияланған. Екі мақала да қазақ тілінде, араб шрифтімен басылған. Қ. И. Сәтбаевтың бұл сирек мақалалары ұмытылған, еңбектер библиографиясында көрсетілмеген. "Сәуле" альманахының небәрі 6 нөмірі болды, 1924 жылы Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК және Нарсовет органы — "Ақ жол" (Светлая путь) газетіне қосымша ретінде басылды. "Ақ жол" Ташкентте 1920-1925 жылдары жарық көрді.

Қ. И. Сәтбаев-фольклор мен әдебиеттің білгірі

Қ.И. Сәтбаевтың фольклорға, әдебиетке және өнерге қатысты да эволюция, көзқарастардың қалыптасуы мен дамуының белгілі бір жүйесінің қосылуы бар. Оның Отаны Баянауыл-орталық Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі. Баянауылдың табиғаты көкшіл тұмандағы тау шыңдарымен, мөлдір мөлдір көлдерімен, қолдарымен бүктелген тастар сияқты жұмбақ тастармен толықтырылған кеңістіктердің жасылымен адамды поэзияға шабыттандырады. Сонымен қатар, ол туып-өскен үйде олар сол жерде айтылған қызыл сөзді бағалай білді. Осылайша, ол жас кезінен бастап қазақ поэзиясының туындыларын сіңірген.

Қ. И. Сәтбаевтың Өлкенің мәдени-әдеби өміріне белсенді қатысуы 1918-1921 жылдары жалғасты. Қ. И. Сәтбаевтың өмірі мен қызметінің осы кезеңі туралы былай деп жазды: "... судьяның міндеттерімен бір мезгілде, нарсудтың көшпелі сессиялары кезінде мен далада жергілікті актив күштерін (мұғалімдер, халық ақындары және т. б.) біріктіру жолымен көшпелі үгіт-насихат пункті ретінде нарсуд ставкасын пайдалана отырып, газет-журналдарды, импровизацияланған көркемөнерпаздар кештерін оқуды ұйымдастырдым". Сол жылдары Қ. И. Сәтбаев қазақ халқының фольклорлық мұрасын жинау және зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Осы жылдарға Қ.И. Сәтбаевтың Баянауылдың, атап айтқанда Жасыбай көлінің алғашқы сипаттамаларының бірі жатады. Ол халық арасында сақталған аңызға назар аударады. "Жасыбай көлі табиғат ғажайыбы ғана емес, онымен байланысты көне аңызы бар. Біздің ата-бабаларымыз өз жерлері үшін жоңғарлармен күрескен кезде, әсіресе, жергілікті жерлерде көп қан төгілді. Бұл орындар бірнеше рет қолды ауыстырды. Олардың айтуынша, көл бір кездері «Шойын» деп аталған, жоңғар батырының атымен аталған, оған осы аймақтарды қорғау сеніп тапсырылған. Бірақ бірде Қазақ батыры Жасыбай шойын жекпе-жегінде жеңіске жетіп, көлді іріктеп алды. Ашуланған жоңғар кек алуды ойластырып, қарсыластар қатарына кіріп, ұйықтап жатқан Жасыбай мен оның адал досы киік батырды қаскүнемдікпен өлтіреді. Бұл қатыгездікті жасаған қаскөй Шойын біздің шегімізден қашып кетті. Ал тоқта көлі Жасыбай деп аталады. Бұл шынымен болды ма, әлде басқаша болды ма, айту қиын. Қалай болғанда да, қарттар көл мен станция арасындағы жол бойында киік пен Жасыбайдың қабірлерін әлі күнге дейін көрсетіп

келеді.

Тау аралық ойпаттарында мөлдір көлдер жатқан Баянауыл тауларының көркем көрінісінен Жасыбай әсіресе әдемі және көптеген құпияларды қамтиды және онымен байланысты бірқатар аңыздар бар. Олардың біреуін жас ұстаз және судья Қ. и. Сәтбаев та айтып жүрген.

Қ. И. Сәтбаевтың 1924-1925 жылдары тарихты зерттеумен және оның фольклор мен әдебиеттегі оқиғаларын бейнелеумен айналысқаны сол кезде "Хан Кене" драмасын жазуға дайындалып жатқан М. О. Әуезов үшін бірнеше тарихи мәліметтердің дәптерінде сақталған жазбамен куәландырылады.

Қ.И. Сәтбаевтың М. О. Әуезовке жазған бұл айтулы хаты осы уақытқа дейін ұмытылып, кейіннен "М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының шежіресінде" (Алматы, 1997) жарияланды.

9 наурыз 1925. Қаныш Сәтбаевтың М.О. Әуезовке жазған хаты:

"...Кенесарының хаты жеткеннен кейін орыс билігі қатайып, 1846 жылдың басында қайтадан Омбы мен Орынбордан күшті отряд жіберді. Оларға "не Кенесарыны алып, басын әкелу немесе сол далада бәрі жер құшсын" деген жарлық берілді. Кенесары отряды шыққаннан кейін, 1846 жылы соғыс жарияламай, орыс шекарасынан шығып, қытайлық қазақтар арасында Қоқиқөл шекарасында келіп тоқтайды..."Хаттың бір бөлігі ғана сақталған, басы мен соңы жоқ, шамасы, ол өте ұзақ болса керек. Бастапқы төрт бет жоғалған. Мұражай мұрағатында 5-6 беттер сақталған. Белгілі "Хан Кене" драмасын жазу кезінде М. Әуезов осы фактілерді пайдаланған сияқты. Кенесары қозғалысы тарихының тағы да түсініксіз бағыттары туралы көптеген нақты мәліметтер берілген.

Қ. И. Сәтбаевтың студенттік жылдары жазылған бұл хаты толық сақталмағаны өкінішті. Бұл тарихи-әдеби көзқарастардың көптеген қырларын, ғалымның бірқатар күрделі оқиғалар, Қазақстанның өткен мәселелері бойынша ғылыми тұжырымдамаларын анықтауға көмектеседі. Қ.И. Сәтбаевтың М. Әуезовке жазған хатының бұл бөлігі олардың шығармашылық қарым — қатынастары, адамның достық байланыстары туралы құнды куәліктердің бірі болып табылады. Көрнекті тарихи тұлғалардың ерекше өмірінің әрбір жанасуы қазіргі адамдар үшін құнды және қымбат.

"Али Едіге" эпосы

Студенттік жылдары Қ. И. Сәтбаев алгебра бойынша оқулықпен жұмысты аяқтап, фольклор бойынша, атап айтқанда "Али Едіге" эпосы бойынша көптеген нақты мәтіндік зерттеу материалдарын жинады. Кейінірек Қ. И. Сәтбаев өмірінің осы кезеңі туралы былай деп жазды: "мені сол кезде "Едіге туралы ертегімен" айналысуға оятқан себеп, менің 1920-1924 жылдардағы ауызша халық шығармашылығы материалдарына деген жалпы қызығушылығым болды.,

...сол жылдары мен қазақтардың ауызша халық шығармашылығының үлгілерін қызығушылықпен жинап, жаздым. Олардың кейбіреулері туралы газеттерде мақалалар жазды.

Олардың ішінде тілдің байлығымен, поэтикалық формалардың бейнесімен және тарихи-этнографиялық материалдардың көптігімен мені Ш.Уәлиханов жазған және кейінірек проф. п. м. Мелиоранский жариялаған нұсқада "Едіге туралы аңыз" ерекше таң қалдырды. Бір қызығы, бұл нұсқада Али Едігенің Ресей мен Литваға қарсы соғыстарының эпизоды сипатталмаған. Аңыз Тоқтамыс пен Едіге арасындағы қақтығыстарға негізделген».

Қ. И. Сәтбаев 1927 жылы Мәскеуде өзінің үлкен зерттеуі-алғы сөзімен "Али Едіге" эпосын шығарды. "Едіге туралы аңыздың" алғы сөзі

қазақ және орыс тілдерінде құрастырылған. Осылайша, сіз оның мазмұнымен түпнұсқада да, орыс тіліне аудармада да толық таныса аласыз. Көріп отырғаныңыздай, Қ. Сәтбаев Едіге туралы аңыздың қарастырылып отырған нұсқасын жинау және жариялау тарихын, оның тіл білімі, әдебиет пен тарих үшін маңыздылығын, тарихи және фольклорлық Едіге бейнелерін қарастырылып отырған аңыз нұсқасында аңызда айтылған бірқатар фактілер мен эпизодтарды тарихи фактілермен салыстыруды, сондай-ақ бейнеге талдау жасауға тырысқан фольклорлық Едіге-қазақтардың ауызша халық шығармашылығындағы оң қаһарманның бейнесі ретінде".

"Али Едіге" кітабының алғы сөзінде фольклор шығармасының ғылым үшін үш жағынан маңыздылығы атап өтілген:

1) оларда бұрын қазақ тілінде болған және уақыт өте келе кейінгі ұрпақтың өмірінде ұмытыла бастаған сөздер бар. Бұл сөздерді білу сөздік қорын зерделеу және қазақ тілін одан әрі дамыту үшін құнды;

2) халық ертегілерінің поэтикалық бөлімдері шеберлігімен ерекшеленеді. Бейнелілік пен

экспрессивтілікке қатысты фольклордың кейбір поэтикалық формалары біздің көптеген заманауи ақындарымыз үшін жағымды мысалдар бола алады. Бұл әдеби тұрғыдан маңызды.

3) ауызша халық шығармашылығы шығармаларында өткен кезеңдердің өмірі, санасы мен әдет-ғұрпы бейнеленеді, Бұл тарих үшін құнды.

Шоқан Уәлиханов алғаш рет жазған Едіге батыр туралы аңыздың нұсқасы ақын, әдебиет және тарих үшін өзінің құндылығына қатысты Қазақ халық ауыз әдебиеті материалдарының арасында маңызды орын алады. Қ. И. Сәтбаев жаңа нұсқада қазіргі қазақ орфографиясы негізінде аңызды қайта жазып, оның поэтикалық бөлімдеріндегі кемшіліктерді түзеді. Бұл Копабай есімді қарт фольклор әңгімешісінің көмегімен жасалды.

Бұл аңызда Едіге батыр мен бидің ең жақсы қасиеттерін санайтын батыр ретінде бейнеленген. Едіге батыр ретінде аңыз осылай сипатталады:

Егер сіз алдыңғы жағынан бағаласаңыз, онда сіз жалынның ұшқындарын көресіз.

Егер сіз артқы жағынан бағаласаңыз, онда сіз ашулану белгілерін көресіз.

Бірақ, халық айтқандай, "батыр жолақты ит сияқты, олар көпшіліктің бірі ғана бола алады". Ертегіде Едіге "батырдан" гөрі "би" қасиеттеріне ие болғаны кездейсоқ емес. Сондықтан, ауызша халық шығармашылығында Едіге соншалықты терең мойындаумен қоршалған, ол туралы: "өткен батырлардың арасында бірінші және соңғы Едіге" деген сөз бар.

Академик Қ.И. Сәтбаевтың алғы сөзімен және оның хатымен "Әли Едіге" – сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайды зерделеу, ғалымның дүниетанымының қырлары мен қазақ халқының өткен Әлеуметтік және рухани өмірінің жекелеген мәселелері бойынша ұстанымдарын анықтау, оның өмірбаянын толықтыру және нақтылау үшін аса маңызды дереккөздердің бірі. Бұл материалдар мұқият зерттеле басталды. Әр уақытта "Едіге" эпосы туралы зерттеуші ғалымдар Ш. Уәлихановтың, П. М. Мелиоранскийдің, В. В. Жирмунскийдің өздерінің маңызды пікірлерін айтты.

Қ. И. Сәтбаевтың бұл еңбегінің маңыздылығы 1943 жылы Қазфан мерейтойлық сессиясында И. И. Мещанинов, Е. Исмаиловтың "25 жылдағы қазақ тілі мен әдебиетін зерттеу қорытындылары туралы" баяндамасында атап өтілді: "Қаныш Сәтбаевтың редакциясымен және алғысөзімен "Али Едіге" поэмасының ғылыми басылымы үлкен құндылық болып табылады (1927 жылы Мәскеуде жарияланған г.), онда Шоқан Уәлихановтан кейін алғаш рет қазақ халқының данышпан "Едіге" поэмасына жан-жақты талдау мен ғылыми баға береді.

Міне, Қ.И.Сәтбаев Қазақстанның геологтар мектебін құрып және басқарып және геологиялық ғылымын дамытумен бірге, тарих, әдебиет, білім, өнер саласыныңдағы еңбектері ғалымның алмас қырларының бірі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдулин А. А. көрнекті ғалым, ғылымды ұйымдастырушы, Қоғам қайраткері / / РҒА хабаршысы. 1999. № 3. 258-230 Б

2.Ахмедова Н. б., Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы. Кеңестік Қазақстанның ғылымы 1920-1960 жж.- А.-А., 1960, 89-677 ББ;

3.Жанұзақов Т. Қазақстан ғылымының атасы. // Қ.И.Сәтбаев және Қазақстанның қоғамдық ғылымдары. - Алматы., Ғылым баспасы. – 142 бет

4.Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. - 7 том. - Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, -2005.,- 728 бет.

5.Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. - Алматы: "Қазақ энциклопедиясы", -2011. - 664 бет+ 40 бет түркі суреттері.

6.<http://bibliotekar.kz/shamshijabanu-kanyshvevna-satpaeva-vejani/akademik-k-i-satpaev-o-literature-i-isku.html>

<http://bibliotekar.kz/svet-ochaga-shamshijabanu-satpaeva/k-izucheniyu-trudov-k-i-satpaeva-polite.html>

ӘОЖ 55-05(574):929

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БИІК ШЫҢЫ

Жер ананың жүрегінің соғысын біліп, оның өзіндік ерекшелігін айқындауда Қаныш Сәтбаевтың алатын орны ерекше. Ол қазақ ғылымын көкке көтерген, елдің болашағы үшін қызмет еткен тұңғыш ғалым. Ғұлама ғалым, тау – кен ғылымының негізін қалаған, қазақтың маңдайына біткен геолог-академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев артына өшпес із қалдырды. Қазақ интеллигенциясының жарық жұлдызы – академик Қаныш Сәтбаевтың металлогения ілімі мен кен орындарын болжау теориясының негізін қалаған ғылыми идеялары бүгінгі ұрпаққа азық боларлық іс. Қазақ елінің табиғи қорларын оның ашылуына ерен еңбек сіңірген ғалым.

Қаныштың өсіп өнген ортасы білімді адамдардың ортасы. Қаныштың арғы тегі Бұқар жырау Қалқаманұлынан екендігін Медеу Сәрсекке өз зерттеуінде тәпсірлейді. Әкесі Имантай Сәтбайұлы өз заманының көреген ақылманы, терең ойлы, сабырлы, шешен адам болған. Анасы Әлима имандылығымен елге танылған Иса қажының қызы. Одан 1892 жылы Ғазиза (Қазиза) атты қыз дүниеге келеді. Ғазиза Имантайқызы Сәтбаева (1892–1932) белгілі ғалым-археолог Кемал Ақышевтың анасы. Ал екінші, Ғабдұлғазиз Имантайұлы Сәтбаев (1894–1937) болса, іске берік, елге қадірлі болған тұлға. Алимандан сүйген үшінші баласының есімін азан шақырып Ғабдулғани қояды. Бірақ анасы оны еркелетіп, Ғани, Ғаныштай деп, кейін келе баланың азан шақырып қойылған аты ұмытылып, бүкіл ауыл-аймақ Қаныш атап кетеді.

Ауыл мектебінен мұсылманша тіл сындырған Қаныш өте зерек, өз қатарының алды болып өседі. Қаныш өзі білім алған Ақкелін болыстық мектебінде шағатай, парсы, араб тілдерін оқуы оның бала күнінен шығыс әдебиеті мен шығыс халықтарының тарихы бойынша білімін жетілдіруге өз көмегін тигізген. Академик Ә.Марғұлан бұл туралы: «Қаныш шығыс тілдерінде бұдан кейін еш жерде білім алмады. Оның араб, шағатай, парсы әдебиеттерін толықтай игреуіне осы мектептегі білімі жеткілікті болды» - деп жазады. «Қанекеннің оқуға зеректігі сонда-ақ мәлім болды. Ол біз құсап ескі оқуды әлденеше қыс мыжып оқыған жоқ, сөзді де ежіктемей бірден оқып кетті. Мұхтасар мен биданды (арабша оқудың алғашқы басқыштары) тез меңгерді. Сол себепті би атам (Имантай-К.Т.) оны молда алдында көп ұстаған жоқ...» - деген куәлік айтады [1, 26]. Одан кейін Қаныш Ақкелін аулындағы алғашқы қазақ-орыс мектебінде оқиды. Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне 1911 жылы түсіп төрт жылдық білімді үш жылда тәмамдайды.

Қазақтың Қанышы десек, Сәтбаевтануға өз ғұмырын арнаған белгілі жазушы Медеу Сәрсекесіз елестету мүмкін емес. Ол бір көлемді деректерді қамтып, деректі проза жанрының үлгісі ретінде жазды. «Мен Қаныш тақырыбын зерттеуді бастағанымда небәрі 23 жастағы жас жігіт едім, қазірде пайғамбар жасынан астым, демек бұл тақырыпты шығармашылық өміріме өзек еткеніме аз емес, 40 жыл болған» - деп жазады. Қанышты қазаққа танытамын деп жүріп, отқа түсті, жанбады, суға түсті батпады, бірақ, ғылымының шыңын бағындырған Қанышты өзінің қайтпас қайсарлығының арқасында дүйім жұртқа жария етті. «Медеу Сәрсекке аға сәтбаевтануға ғұмырын арнады. Үнемі жаңғыртып, толықтырып, жетілдіріп, бабына келтіріп жазды» - дейді, белгілі ғалым А.Исин [2].

Қаныш және оның мұрасын зерттеудегі негізгі деректік жазушы Медеу Сәрсекенің еңбектерін оқи отырып, Қаныш ағамыздың өмірі кино лентасы секілді. Ғалым Қаныштың байтақ қазынасын жинап, жүйелеп оны сараптап қорытындылауда Медеу ағамыздың жанкешті еңбегі ерен екені дау тудырмайды. Қазақтың Қанышын елге оралытты. Дегенмен үнемі ізденіс үстінде жүрген ғалымның сан салалы табысын түгел жеткізу мүмкін емес. Ол үшін терең зерттеулер керек. Қаныш ағамыздың қазақ өнері мен мәдениетіне, әдебиеті мен тарихына, математика мен өзге салаларға сіңірген еңбегі зор. Жібектей майда қоңыр дауысымен сыр қазынасы, жыр қазынасын дәріптеген ұлт азаматы болатын. Ұлт алдындағы ауыр жүкті абыроймен осы күнге жеткізген Қанекен. Ол қажымады, жасымады.

Қаныштың ғылыми дүние танымының қалыптасуына ата-анасы, туған-өскен ортасы, балалық шағының ерекше кезеңі негіз болды. Оның оқу-білімге деген құштарлығы ақындық, шешендік сөзді қастерлеп, ұлттық мәдениеттен сусындап өсуі, ұлттық өнер мен мәдениетті бағалауы, ғылымның әр саласына түрен салуы Қанышты ғылымның шыңына жетелейтін ғұмырнамалық сара жол екендігін уақыт көрсетіп берді. Жазушы Мұхтар Әуезов: «Қаныштың бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі» - дейді [3]. Енді бірде Семейде үш өнерпаз: Қаныш Имантайұлы, Әміре Қашаубай және менің әкем Иса Биназарұлының сахнада бірге күй шерткенін, Қаныштың шөміш тәрізді музыка аспабын (мандолина) ұстағаны туралы ақпаратты кездестіреміз [4]. Бұдан біз

ғалымның сан салалы маман және оның отаншылдығы мен бар өмірін халқына арнап өткен ұлт азаматы екендігін көреміз. Мұхтардың бұлай деуінің жаны бар. Шыңғыстаудан Мұхтар, Баянауылдан Қаныш білім қуып, Семейдің мұғалімдер семинариясында кездеседі. 1914-1918 жылдары Семейде білім алған қазақ жастары бірге оқып, бірге тұрады. Оған Семейдің мұғалімдер семинариясына орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруге шақыру алған Қаныштың немере ағасы Әбікей Сәтбаев себепкер болады. Әбікей інісіне Омбы қаласына, Павлодардағы екі жылдық мұғалімдер курсына және Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсу туралы кеңес береді. Болашақ ғалым тандауы Семей қаласы болады. Семей Сібір мен Орта Азияның сауда жолында орналасқан шекаралық алтын қақпа болды. Мәдениет пен өнердің рухани орталығы Семейде қазақтан шыққан тұңғыш ғалым Қаныш ағамыз төрт жыл білім алады. Өмірбаяндық дерегінің бірінде Қ.Сәтбаев: «Білім алуыма зор септігін тигізген туысқан ағам, қарт интеллигент Әбікей Зейінұлы Сәтбаевқа өзімді ғұмыр бойы қарыздар есептеймін...» деп жазыпты. Сондай-ақ, көрнекті ғалым, академик Ә.Х. Марғұлан да өзінің ұстазын ыстық ықыласпен еске алады. – деп жазады [5].

Қанекен Абай атамыздың қайтыс болуына он жыл әдебиет кешіне куә болады. Семейде жүріп Алаш азаматтармен ниеттес болып, автономиялы еркіндік алу, қазақ мектептерін ашу, сот жұмысы сияқты мәселелерді көтереді. Әбікей Сәтбаев, Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар, Халел Ғаббасов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Биәхмет Сәрсенов, Әлкей Марғұлан, Сейітбаттал Мұстафин, Мәннан Тұрғанбаев, Ахат Шәкәрімұлы сынды қазақ зиялыларының есімі Семейдің мұғалімдер семинариясы тарихында ойып тұрып орын алатын ұлы есімдер. 1919-1920 жылдары ұлы Мұханның басшылығымен Жүсіпбек, Қаныш, Ыдырыс тәрізді тағы басқа қазақ зиялылары ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырып, дамытуда елеулі еңбек сіңірді. Ал, 1921 жылы Семей губерниялық атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімінің бастығы Жүсіпбек Аймауытов, ал оның орынбасары болып Қаныш Сәтбаев қызмет атқарған [6, 104]. Ұлттық білім беру жүйесін жандандыруда Семей облыстық және уездік Земство басқармаларының өзіндік үлесі болды. Бұл туралы Әлихан Бөкейхан: «Земство қолға алып қылатын істің бір зоры-бала оқыту. Земство мектеп салады. Медресе көрмеген бала болмайды» - дейді [7]. Сонымен бірге, Семей қаласында мәдениет және оқу-ағарту ісі қолға алынып, Мәннан Тұрғанбаевтың мұрындық болуымен Қазақ мұғалімдер бюросы құрылады. Жас семинарист Мұхтар Әуезов Қазақ мұғалімдер бюросына хатшы болып тағайындалады. Бюро тек Семей қаласында емес, қазақ жерінің өзге өңірлерінде де құрылады. Демек, ұлттық білім беру жүйесін дамытуда, қазақ мұғалімдер бюросының жұмысын жандандыру қазақ зиялыларының күн тәртібіндегі өзекті мәселелерінің бірі екендігі айқын. «Согласно заявления г. председателя Семипалатинской уездной Земской управы, киргизской учительской союз в заседании от 25 ноября сего года постановил делегировать в совет уездного отдела по народному образованию следующих трех своих представителей: Манан Турганбаева, Каныш Сатбаева, Сейтбаттал Мустафина» Семей уездік Земство басқармасына 1918 жылдың 25 қарашасында №221 қатынас құжатын жолдаған және сол арқылы Қазақ мұғалімдер бюросының білім беру мәселелерін шешкендігіне көз жеткіземіз. 1914-1918 жылдары Семей мұғалімдер семинариясынан білім алған Қаныш Сәтбаевтың да білім беру, оқыту мәселелеріне өзіндік үлес қосқандығына да куә боламыз [8]. Сонымен бірге, Мәннан Тұрғанбаевтың, Сейтбаттал Мұстафиннің және Қаныш Сәтбаевтардың арнайы пәндерден дәріс оқығандығын архив деректері де дәлелдей түседі [9]. Аталған қазақ зиялыларымен иық тіресе қатар жүріп, ұлт мәселесін көтеріп, пікірлес болғандығы қылышынан қан тамып тұрған Кеңес өкіметінің Қаныштың артынан шам алып түсіп, қудалауға ұшырауына негіз болады.

Ғалымның Семейден туған еліне кетуіне себепкер болған Ертістің қара суығы, ызғар желі Қаныштың өңменінен өтіп, соңында құрт ауруына ұшырайды. Дәрігерлер болашақ қазақ ғалымына тек ауылға барып ем алғанда ғана нәтиже болатындығын ескертеді. Сөйтіп, Қаныш Сәтбаев ағамыз 1918 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясын тәмамдап, елге оралады. Ескі құрт ауруы қайта қозып, ауруын қымызбен емдеу үшін 1920 жылдан 1921 жылға дейін туған өлкесінде болады. Ғалым аға бұнда да текке жатпай өзін қызықтыратын қазақ мектептеріне арнап алғашқы алгебра оқулығын жасауды бастайды. Кейін Семейдегі мұғалімдер семинариясында мұғалім болып қызмет жасайды.

Қаныштың ауылына құрт ауруымен (туберкулез) емделуге 1921 жылы Томск технологиялық университетінің профессоры, геолог Михаил Усовтың келуі Қаныштың геология саласына деген қызығушылығын оятып, білім арнасын мүлде басқа салаға бұруына негіз болады. Том қаласынан келген профессор Қанышпен жақын танысып, оған геология ғылымы туралы мол мағлұмат береді. Сонымен бірге, ол мен қазақ жерінде ашылмаған кен орындары бар екендігін де мәлім етеді. Бұл кездесу Қаныштың ауылдағы 1921 жылы халық сотындағы қызметін тастап, Томскідегі технология институтына түсуіне себепші болады. Сөйтіп, 1926 жылы оқу орнын тәмамдаған қазақтың тұңғыш

